

# Жұлдызды күндер шеруі басталады

Мейрамтай Иманғали

Нағыз мейрам енді басталады. Қарашаның 26-сында еліміздің барлық өңірлерінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «20 жұлдызды күн» шарасы өзінің тұсауын кеседі. Өскемендегі ұлттық баспасөз клубында өткен кездесуде бұл туралы облыс Әкімінің орынбасары Түсіпхан Түсіпбеков пен облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Ербол Нұрғалиев журналистерге әңгімелеп берді.

– Тәуелсіздік – еліміз үшін өте бір қасиетті ұғым, ең басты құндылық. Басқа құндылықтардың барлығы сол Тәуелсіздіктің арқасында жүзеге асыл жатыр деуге болады. Сондықтан да Елбасының арнайы Жарлығымен 2011 жыл Тәуелсіздіктің жиырма жылдығына арналып отыр. Қаңтар айынан бері мерейтойға арналған түрлі шаралар өтіп жатыр. Өйткені, ел бұл мерекені сезінуге тиіс. Әрине, тарих үшін 20 жыл қас қағым ғана сәт. Соған қарамастан осы жылдар ішінде Қазақстан ерекше бір даму үлгісін көрсетті, – деп сөзін бастаған облыс Әкімінің орынбасары Түсіпхан Түсіпбеков Қазақстанның осы уақыт аралығында қол жеткізген жетістіктері мен жеңістері елде тұрып жатқан түрлі ұлттар мен ұлыстардың береке, бірлігінің арқасында мүмкін болғанын ерекше атап айтты.

Қазақта «тойдың болғанынан боладысы қызық» деген сөз бар. Тәуелсіздік мерекесі жақындаған сайын халық та сол тойдың тынысын айқын сезсе дейміз. Осы орайда 26-қарашадан басталатын «20 жұлдызды күн» шеруінің де негізгі мақсаты осы. Облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Ербол Нұрғалиевтің айтуынша, әрбір күннің өзінің аты, көздейтін мақсаты бар. «Ата Заң», «Бейбітшілік белдеуі», «Келісім», «Азаматтық қоғам», «Болашақ», «Сергектік», «Білім», «Денсаулық», «Мемлекеттік тіл» және тағы басқа атаулар беріліп, айдар тағылған жиырма күнде еліміздің Тәуелсіздік алған жиырма жылындағы шыққан биігі мен белестері паш етіледі.

Аталған шараның алғашқы күні мемлекеттік рәміздерге арналмақ. «Менің Қазақста-

ным» деп аталатын бұл күні мемлекеттік қызметкерлер Өскемендегі «Қазақстан» деген жазуы бар Ботпай тауында ант қабылдайды. Ал 27-қарашада өтетін «Атамекен» күні – шекарашыларымыздың нағыз мерекесіне айналмақ. «Атамекен» күніне арналған негізгі мерекені Зайсан қаласында өткізу ұйғарылыпты. Бұл мерекеге шекарашылармен қатар кеден қызметкерлері, Қытай елінің шекарашылары да қатысады деп күтілуде.

Облыс Әкімінің орынбасары Түсіпхан Түсіпбековтің атап көрсеткеніндей, жалпы «20 жұлдызды күн» аясында облыс бойынша екі жарым мыңға жуық мерекелік шаралар өтетін көрінеді. 40-қа жуық жаңадан салынған әлеуметтік нысандардың да тұсауы осы күндері кесіледі. Жаңа пәтердің кілтін алып, қоныс тойын тойлаушылардың да қатары мол болмақ. Сондай-ақ, облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ бастамасымен аз қамтылған отбасылары мен мүгедектерге көмек көрсету акциясы өткізіледі. Осылайша «жұлдызды күндер» талай жандардың жүрегіне жылу сыйламақ.